

2022-2023 оқу жылында «Оқытушы студенттер көзімен тақырыбында жүргізілген сауалнама нәтижелері

Білім алушылардың білім алуына қанағаттануына әсер ететін білім беру бағдарламасының маңызды компоненттерінің бірі-оқытушылардың құзыреттілігі.

Қорқыт Ата атындағы ҚУ-нің стратегиялық жоспарлау және сапаны басқару бөлімі оқытушылардың оқу пәндерін оқыту сапасын және кәсіби шеберлігін зерделеу мақсатында «Оқытушы студенттер көзімен» тақырыбында үнемі әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Сауалнама барысында білім алушылар оқытушыларды әртүрлі сипаттамалар бойынша бағалайды. Жалпы, талдау нәтижелері бойынша оқытушыларға қатысты оң бағалардың басым екендігін көрсетуге болады. Жеке қасиеттер тұрғысынан да, кәсіби жағынан да оқытушылардың көпшілігін респонденттер оңды бағалады.

Сауалнама барысында студенттерге өз оқытушыларын келесі сипаттамалар бойынша қалай бағалайтыны туралы сұрақтар қойылды.

Сабақтың басталу және аяқталу мерзімін сақтауы: оқытушы ұқыпты әрі жауапты;

Материалды түсінікті де, нақты жеткізе алуы. Оқытушы жақсы және анық түсіндіреді;

Студенттерге деген мейірімділігі, әдептілігі, сыйластығы: әріптестікке ұмтылуы;

Пән бойынша заманауи ақпараттарды меңгеруі және оларды студенттерге жеткізе алуы;

Компьютерлік және видео – құралдардың оқыту формасында қолдануы (тренинг, ойындар, жаттығулар және т.б.);

Аудиторияның пәнге қызығушылығын тудыру және қызықтыра алу қабілеті

Оқытылатын материалды болашақ кәсіби қызметпен байланыстыруы;

Студенттердің білімін бағалауда объективтілігі: оқытушы талапшыл, бірақ әділетті;

Оқылған пән бойынша өзіңіздің біліміңізді бағалаңыз;

Сіздің оқытушыға деген жалпы бағаңыз.

Сауалнама барысында студенттер оқытушыларды 5 балдық жүйе бойынша бағалады, мұндағы "1"-нашар; "2" орташадан төмен; "3" - орташа; "4"-жақсы; "5" – өте жақсы.

Сауалнама нәтижелері бойынша университеттің ПОҚ оқыту сапасының 3 тобына бөлінді: 1 - жоғары сапалы топ (5 рейтингтік баллмен); 2 - Жақсы сапалы топ (4 рейтингтік баллмен); 3 – қанағаттанарлық сапалы топ (3 рейтингтік баллмен).

Жалпы, талдау университет студенттері арасында өз оқытушыларына қатысты оң бағалардың басым екендігін көрсетті. Жеке қасиеттер тұрғысынан да, кәсіби жағынан да оқытушылардың көпшілігін респонденттер оң жағынан сипаттады.

Жалпы, 2022-2023 оқу жылында студенттер 518 оқытушыны бағалады. 5 және 4 баллмен бағаланғандар Университеттің үздік оқытушылар тобына (студенттердің пікірінше) 517 (оқытушылардың жалпы санының 99,8%) оқытушылар кірді. Университет оқытушыларының (студенттердің пікірі бойынша) қанағаттанарлық сапасы бар топқа 3 балл және одан жоғары бағаланғандар қатарына 1 (оқытушылардың жалпы санының 0,2%) оқытушы кірді. Сауалнама нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз немесе сапасы төмен оқытушылар кездескен жоқ.